# *№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжі*

**Қашықтықтан оқыту 9-сынып қазақ тілі**

**Практика түрі:** Мектептегі байқау практикасы

**Сабақ тақырыбы:** Қазақ Республикасының елордасы


**Практикант: Мұқажан Мақпал**

**Практика жетекшісі: Асенова Ж.М**

**Топ:431**




**Үй тапсырмасын сұрау: 8-тапсырма 67-бет .**

**Дескриптор:**

- Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті туралы түсірілген фильмдерді көреді
- алған әсерлеріңді әңгіме, өлең, шығарма түрінде жазады

**1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріп, ойларыңмен бөлісіңдер

1. Елорда тарихы мен қалыптасу кезеңдері туралы қандай ақпарат білесіңдер?

2. Суреттердегі астанамыздың келбетін 5 сөзбен қалай сипаттар едіңдер? Жауаптарыңды салыстырыңдар.

## Дескриптор:

-елорда тарихы мен қалыптасу кезеңдері ақпараттарымен бөліседі

- суреттегі елордаға бес сөзбен сипаттап, өз пікірлерін ортаға салады



**2-топ** Оқылым материалын негізге алып, «Еркін микрофон» әдісі мен бір-біріңнен сұхбат алыңдар. Сұхбаттағы маңызды сұрақтар мен ұтымды жауаптарды «Т кестесіне» жазыңдар. Үш сөйлемге синтаксистік талдау

| Маңызды сұрақтар | Ұтымды жауаптар |
|---|---|
| | |

**Дескриптор:**
-мәтінді түсіп оқиды, хронологиялық кестеге түсіреді
-«Еркін микрофон» әдісі мен бір-біріңнен сұхбат алады
-Ұтымды жауаптарды Т естесіне жазады

**1-топ** Мәтінді түсініп оқып, еліміздің астанасының даму кезеңдерін «Хронологиялық кесте» әдісімен сипаттаңдар. Үш сөйлемге морфологиялық талдау. Қазақстанның заманға лайық жаңа астанасын салу идеясы Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қатиесілі. Елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы шешімді Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылы 6 шілде де қабылдады. Астананы ресми көшіру 1997 жылғы 10 желтоқсанда жүзеге асты. Президенттің 1998 жылғы 6 мамырдағы Жарлығы мен Ақмоланың атауы Астана болып өзгертілді. 1999 жылы Астана ЮНЕСКО шешімі мен «әлем қаласы» атағын алды. Қазақстанның басқаласы – 2000 жылдан бастап астаналармен ірі қалалардың Халықаралық Ассамблеясының мүшесі. Еуразия құрлығының ортасында қолайлы орналасуы елордамызды экономикалық тұрғыдан тиімді көлік, қатынас және логистика орталығына, Еуропа мен Азия арасындағы өзіндік транзиттік көпірге айналдырды. Қала экономикасының негізі – сауда, өнер кәсіп өндірісі, көлік, байланыс және құрылыс салалары.

**3-тапсырма.** Оқылым мәтініндегі жай сөйлемдерді өзара байланыстырып, салалас, сабақтас және аралас құрмалас сөйлемдер құрастырып жазыңдар.

| **Салалас құрмалас** | **Сабақтас құрмалас** | **Аралас құрмалас** |
|---|---|---|
| | | |

1998 жылы ЮНЕСКО-ның шешімімен Астана қаласына «Бейбітшілік қаласы» деген атақ беріліп, медаль мен марапатталды. Бразилияда өткен дүниежүзілік байқауда әлем бойынша 12 жас қаланың ішінен Астана жоғары атақты иеленді.
Қазақстанның астанасы – Азия елдерінің ішіндегі солтүстікте орналасқан қала, әлемдегі суық астаналардың қатарында. Ұлан-Батыр қаласынан жылырақ, ал Оттавадан суық.
2019 жылы 20 наурызда Қазақстанның жаңа Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қаланың атын Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың құрметіне Нұр-Сұлтан деп өзгерту туралы бұйрыққа қол қойды.

**3-тапсырма.** Оқылым мәтіні және «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген ақпаратты пайдаланып, түрлі рөлде (Президент, сәулетші, қала тұрғыны т.б.) «РАФТ» кестесін толтырыңдар.

| Рөл | Аудитория | Форма (пішін) | Тақырып |
|---|---|---|---|
| | | | |

**Дескриптор:**

- Оқылым мәтіні және «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген ақпаратты оқиды

-берілген кестеді толтырады

# Бағалау парағы
# (0-5 ұпай аралығында)

| № | Окушының аты-жөні | Табыс критерийлері | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Сабакта Жаңа Идеялар Білдірген | Сабакта белсенді Қатысып, жаксы жауап бергені үшін | Тапсырмаларды орындауда баскаларға көмек көрсете білгені үшін | Қорытынды ы бағасы |
| 1 | | | | | |
| 2 | | | | | |
| 3 | | | | | |



# Рефлексия пирамидасы





**Үйге тапсырма: 6-тапсырма** Қосымша ресурстарды (ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, ғылыми еңбектер) пайдаланып, елорда туралы шығармашылық жұмыс орындаңдар. 1. Презентация дайындаңдар; 2. Арнау өлең немесе мақала жазыңдар.